

**"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы Қару-жарақты қысқартуды және инспекциялық қызметті қамтамасыз етуді бақылау жөніндегі орталық пен Америка Құрама Штаттарының Ядролық қауіпті азайту жөніндегі орталығы арасында қорғалған байланыс желісін құру туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 шілдедегі N 694 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы Қару-жарақты қысқартуды және инспекциялық қызметті қамтамасыз етуді бақылау жөніндегі орталық пен Америка Құрама Штаттарының Ядролық қауіпті азайту жөніндегі орталығы арасында қорғалған байланыс желісін құру туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы  
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің  
жанындағы Қару-жарақты қысқартуды және инспекциялық  
қызметті қамтамасыз етуді бақылау жөніндегі  
орталық пен Америка Құрама Штаттарының Ядролық  
қауіпті азайту жөніндегі орталығы арасында  
қорғалған байланыс желісін құру туралы  
келісімді бекіту туралы**

2001 жылғы 21 желтоқсанда Вашингтон қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы Қару-жарақты

қысқартуды және инспекциялық қызметті қамтамасыз етуді бақылау жөніндегі орталық пен Америка Құрама Штаттарының Ядролық қауіпті азайту жөніндегі орталығы арасында қорғалған байланыс желісін құру туралы келісім бекітілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка  
Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Қазақстан  
Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы  
Қару-жарақты қысқартуды және инспекциялық қызметті  
қамтамасыз етуді бақылау жөніндегі орталық пен  
Америка Құрама Штаттарының Ядролық қауіпті азайту  
жөніндегі орталығы арасында қорғалған байланыс  
желісін құру туралы  
Келісім**

Төменде Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка  
Құрама                      Штаттарының                      Үкіметі,

олардың мемлекеттері арасындағы қару-жарақты бақылау жөніндегі және  
қауіпсіздікті нығайту жөніндегі келісімдерді жүзеге асыруды қолдау тілегін мақұлдай  
о т ы р ы п ,

тараптар жүзеге асыратын, қару-жарақты бақылау жөніндегі шарттарға сәйкес талап  
етілетін хабарламалар беруге қатысты барлық міндеттемелерді орындау дүние жүзінде  
бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту мүддесіне сай келеді деп ұйғара отырып,

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мен Америка Құрама Штаттары  
арасындағы Ядролық қауіпті азайту жөніндегі орталықтар құру туралы 1987 жылғы 15  
қыркүйектегі келісімді қолдануды қазіргі заман талаптарына сәйкес келтіруге ұмтыла  
о т ы р ы п ,

төменде СШҚ-І туралы шарт деп аталатын, Кеңестік Социалистік Республикалар  
Одағы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Стратегиялық шабуыл  
қару-жарағын қысқарту және шектеу туралы 1991 жылғы 31 шілдедегі шарт бойынша,  
төменде ОЖҚР туралы шарт деп аталатын, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы  
мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Орта және кіші қашықтықтағы олардың  
ракеталарын жою туралы 1987 жылғы 8 желтоқсандағы шарт бойынша және Кеңестік  
Социалистік Республикалар Одағы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы  
Стратегиялық шабуыл қару-жарағын қысқарту және шектеу туралы 1992 жылғы 20

мамырдағы шарттың Лиссабон хаттамасындағы өз міндеттемелерін қайтадан мақұлдай  
о т ы р ы п ,  
төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің жанындағы Қару-жарақты қысқартуды және инспекциялық қызметті қамтамасыз етуді бақылау жөніндегі орталықты және Америка Құрама Штаттарының Ядролық қауіпті азайту жөніндегі орталығын, бұдан әрі Ұлттық орталықтар деп аталатын, өздерінің тиісті үкіметтерінің атынан және оның бақылауымен іс-әрекет жасайтын, әрбір Тарап осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын I Хаттамада көрсетілген хабарларды беру үшін  
т и і с і н ш е п а й д а л а н а д ы .

Бұдан әрі Ұлттық орталықтар арқылы берілетін хабарлар тізбесі, Тараптар арасындағы уағдаластық бойынша тиісті жаңа келісімдерге қол жеткізілуіне қарай өзгеруі мүмкін.

## **2-бап**

Осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын II Хаттамаға сәйкес Тараптар өз Ұлттық орталықтары арасында қорғалған үздіксіз байланыс желісін орнатады, қызмет көрсетеді және пайдаланады.

## **3-бап**

Тараптар өздерінің Ұлттық орталықтарын, олардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін олар қалай орынды деп санаса, солай жасақтайды.

## **4-бап**

Осы Орталықтардың жұмыс істеуімен байланысты мәселелерді қарау үшін Тараптар Ұлттық орталық өкілдерінің арасында тұрақты кездесулер өткізеді.

## **5-бап**

Осы Келісім кез келген Тараптың басқа келісімдер жөніндегі міндеттемелерін қозғамайды.

## **6-бап**

Осы Келісім оның күшіне ену үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді және СШҚ-І

немесе ОЖҚР туралы шарттар күшін сақтаған уақытқа дейін күшінде қалады.

Осы Келісімнің қолданысы бұл туралы екінші Тараптың жазбаша хабарламасынан кейін 12 (он екі) ай өткеннен соң кез келген Тарап тоқтатуы мүмкін.

Вашингтон қаласында 2001 жылғы 21 желтоқсанда әрқайсысы орыс және ағылшын тілдерінде екі данадан жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының* *Америка Құрама Штаттарының*

*Үкіметі үшін* *Үкіметі үшін*

Қолы:

Қолы:

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка  
Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Қазақстан  
Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы  
Қару-жарақты қысқартуды және инспекциялық қызмет  
қамтамасыз етуді бақылау жөніндегі орталық пен  
Америка Құрама Штаттарының Ядролық қауіпті  
азайту жөніндегі орталығы арасында қорғалған  
байланыс желісін құру туралы келісімге**

**I Хаттама**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы Қару-жарақты қысқартуды және инспекциялық қызметті қамтамасыз етуді бақылау жөніндегі орталық пен Америка Құрама Штаттарының Ядролық қауіпті азайту жөніндегі орталығы арасында қорғалған байланыс желісін құру туралы ережелерге сәйкес және Келісімді орындау үшін Тараптар төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Тараптар Ұлттық орталықтар арқылы мынадай хабарламалар түрін береді:

- а) СШҚ-І туралы шарт ережелеріне сәйкес көзделген хабарламалар;
- б) ОЖҚР туралы шарт ережелеріне сәйкес көзделген хабарламалар;
- в) Тараптардың өзара келісімі және Ұлттық орталықтар арасындағы келісім бойынша қару-жарақты бақылау жөніндегі басқа да шарттар мен келісімдердің ережелеріне сәйкес көзделген хабарламалар.

**2-бап**

Ұлттық орталықтар арқылы берілетін ақпараттардың мөлшері мен көлемі СШҚ-І туралы шартты, ОЖҚР туралы шартты, сондай-ақ Тараптардың уағдаластығы бойынша

басқа да болашақ шарттар мен келісімдерді іске асыру кезінде пайдаланылатын көлемдерге сәйкес келуі және сыйымды болуы тиіс.

### **3-бап**

Әрбір Тарап өзінің қарауы бойынша, ізгі ықыластық ишарат ретінде және сенім білдіруді нығайту мақсатында осы Хаттаманың 1-бабында көзделген хабарлар болып табылмайтын басқа да хабарларды Ұлттық орталықтар арқылы бере алады.

### **4-бап**

Егер Тараптар өзге келісімге келмесе, ұлттық орталықтардың байланыс желісі бойынша берілетін барлық хабарлар және осы Орталықтар жүзеге асыратын барлық рәсімдер құпия болады.

## **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы Қару-жарақты қысқартуды және инспекциялық қызметті қамтамасыз етуді бақылау жөніндегі орталық пен Америка Құрама Штаттарының Ядролық қауіпті азайту жөніндегі орталығы арасында қорғалған байланыс желісін құру туралы келісімге II Хаттама**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы Қару-жарақты қысқартуды және инспекциялық қызметті қамтамасыз етуді бақылау жөніндегі орталық пен Америка Құрама Штаттарының Ядролық қауіпті азайту жөніндегі орталығы арасында қорғалған байланыс желісін құру туралы ережелерге сәйкес және Келісімді орындау үшін Тараптар төмендегілер туралы келісті:

### **1-бап**

Ұлттық орталықтар арасында файлдармен алмасу мүмкіндігі бар тікелей байланысты қамтамасыз ету мақсатында Тараптар екі спутниктік арнаны орнатады және ұстайды. Бір арнаны Қазақстан, ал екіншісін - АҚШ ұстайды; Әрбір тарапта қорғалған қызметтік байланыс желісі болады.

О с ы ғ а н б а й л а н ы с т ы :

а) Ұлттық орталықтар арасындағы байланыс үшін жабдықталған терминалдар

о р н а т ы л а д ы ;

б) әрбір тарап бір мезгілде 4800 бит/сек беруге және қабылдауға мүмкіндігі бар немесе өзара уағдаластыққа сәйкес байланыс желісін қамтамасыз етеді;

в) өзара уағдаластыққа қол жеткізгенге дейін байланыс Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Америка Құрама Штаттарының Қорғаныс министрлігі арасындағы Қазақстан Республикасына материалдық-техникалық құралдар мен қызметтер көрсетуді ұсынуға қатысты бұдан әрі ҰАБЖ жөніндегі келісім деп аталатын үкіметаралық байланыс желісін орнату мақсатында 1993 жылғы 13 желтоқсандағы келісімнің шарттарына сәйкес Ұлттық орталықтар арасында байланыс орнату кезінде қабылданған бұрынғы тәртіппен жүзеге асырылады.

## **2-бап**

Қорғалған хабарлар беруді қамтамасыз ету үшін ақпараттарды қорғаудың келісілген құралдары қолданылады .

О с ы ғ а н б а й л а н ы с т ы :

а) ақпараттарды қорғау құралдары жеке компьютермен байланысқан немесе интегралданған шифрлауға сәйкес құрылғыдан тұрады, оған хабар компьютер дискетінің көмегімен немесе басқа бір техникалық түрдегі сыйымды әдіспен енгізіледі;

б) әрбір Тарап екінші Тарапқа дипломатиялық арналар бойынша түсінуге оңай тиісті криптографиялық материалдарды табыс етеді.

## **3-бап**

Екі байланыс желісінің әрбір соңғы операция пунктінде байланыс жүйесінің функционалдық талаптарына толық сыйысатын және өзара қолайлы халықаралық коммуникациялар стандартына жауап беретін компьютерлік терминалдар орнатады және ұстайды .

О с ы ғ а н б а й л а н ы с т ы :

а) осы Хаттаманың 5-бабында көзделген немесе өзара уағдаластық негізіндегі жағдайды қоспағанда, әрбір Тарап осы Хаттаманы орындау мақсатына жауап беретін ақпаратты қорғау құралдары мен жергілікті хабар желісіне сәйкес өздерінің меншікті терминалдарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және қызмет көрсетуге жауапты болады ;

б) коммуникациялық жүйе мүмкіндіктерімен толық сыйымды болып табылатын сканер және онымен байланысты компьютер файлдарын қамтамасыз етуге қабілетті бағдарламалық қамтамасыз ету қолданылады;

в) Қазақстанның Ұлттық орталығынан Құрама Штаттардың Ұлттық орталығына тікелей хабарлар орыс тілінде және Құрама Штаттардың Ұлттық орталығынан Қазақстанның Ұлттық орталығына ағылшын тілінде беріледі және қабылданылады;

г) тапсыру және пайдалану рәсімдері Ұлттық орталықтар арасындағы байланыс мақсатының қажетіне қарай бейімделген және Тараптардың арасында келісілген рәсімдерге сәйкес болады.

#### **4-бап**

Байланыс жүйесінің қызмет етуін үйлестіру үшін қажетті қорғалған қызмет байланысын орнатады және оған қызмет көрсетеді.

О с ы ғ а н б а й л а н ы с т ы :

а) осы Хаттаманың 2-бабының а) тармағында айтылғанындай, ақпаратты қорғау құралдарымен қолданылатын қызметтік байланыс терминалдарының, кириллица үшін стандартты орыс клавиатурасы мен Құрама Штаттардың латын шрифті үшін стандартты клавиатурасы және операторлар арасында хабарлар алмасу үшін катод сәулелі түтігімен дисплейі болады. Орыс клавиатурасы орналасуының белгілі бір схемасы талапқа сәйкес болуы тиіс немесе Тараптардың өзара уағдаластығы негізінде өзгертілуі мүмкін ;

б) операторлардың жұмысын үйлестіру үшін қызметтік байланыс жүйесінің кескін үйлесімі, хабарды беруге және қабылдағанға дейін осындай хабарларды үйлестіруге қатысты барлық ақпаратпен алмасуға мүмкіндік беретіндей болуы тиіс;

в) беруге байланысты қызметтік байланыс жүйесі бойынша хабарлар, осы Хаттаманың 2-бабының а) тармағында көрсетілген ақпараттарды қорғау құралдарын қолданумен шифрланды ;

г) қызметтік байланыс желісі үшін хабарлар берудегі модемдер мен байланыс желісі қолданылады ;

д) қызметтік байланыс желісі бойынша алмасу жүзеге асырылатын барлық ақпараттардың мұрағаттық көшірмесі болу үшін жабдықтар құрамына принтер енгізіледі. Осы Келісім талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін принтерлердің нақты кескін үйлесімін Тараптар айқындауы мүмкін.

#### **5-бап**

Ұлттық орталықтар арасында тікелей байланыс орнату үшін Тараптар арасында келісілген сыйымды жабдықтар мен тиісті қызмет көрсету рәсімдері қолданылады. Осы мақсат үшін Қазақстан Тарабы ҰАБЖ жөніндегі келісімге сәйкес телекоммуникациялық байланыс және қызметтік байланыс үшін қажетті жабдықтарды, қорғау құралдарын және қосалқы бөлшектерді пайдаланады, олардың көбін Америка Құрама Штаттары Қазақстан Республикасына ҰАБЖ жөніндегі келісім негізінде пайдалануға берген .

ҮАБЖ жөніндегі келісімнің қолданылу мерзімі аяқталғанда ҮАБЖ жөніндегі келісім негізінде пайдалануға берілген барлық құралдар, одан әрі де осы Келісімде айтылған мақсатта ғана қолданылады.

## **6-бап**

Телекоммуникация жүйесін пайдалану мен қызмет көрсету және жабдықтардың кескін үйлесімі үшін қажетті ақпараттар алмасуды қамтамасыз етеді.

## **7-бап**

Жабдықтардың және байланыс желісінің, қызметтік байланыс желісін қоса алғанда үзіліссіздігін, қорғалғандығын және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін осы Хаттамаға сәйкес жауапты болатын әрбір Тарап барлық мүмкін шараларды қолданады.

## **8-бап**

Байланыс желісін пайдалануға, оған қызмет көрсетуге және одан әрі дамытуға жұмсалатын шығындарды қалай бөлу мен есептеу Тараптардың техникалық сарапшылары арасындағы өзара уағдаластық негізінде айқындалады.

## **9-бап**

Осы Хаттамада көзделген шараларды іс жүзінде орындауға қатысы бар мәселелерді карау үшін және одан әрі өзара уағдаластық негізінде және қажеттілігіне қарай Ұлттық орталықтардың өзара келіскен функцияларына қол жеткізу үшін телекоммуникация байланысы мен ақпараттар технологиясын жетілдіру мақсатында Тараптардың техникалық сарапшыларының кездесуі шақырылады.